ДӘРІС 4. Біртұтас Моңғол империясының ыдырауы және Талас құрылтайы. (1 сағат)

Мақсаты:

Біртұтас Моңғол империясының ыдырау себептерін, Талас құрылтайының тарихи маңызын және оның нәтижесінде Алтын Орданың дербес мемлекет ретінде қалыптасу үдерісін түсіндіру.

Міндеттері:

- Моңғол империясының ішкі саяси құрылымын сипаттау;
- Империяның ыдырау себептерін анықтау;
- Талас құрылтайының өту барысы мен тарихи шешімдерін талдау;
- Алтын Орданың дербестенуіндегі құрылтай рөлін айқындау.



Моңғолдар өздерінің жаулап алу жорықтарын аяқтағаннан кейін, моңғол жасақтары тоналған мол олжа мен тұтқынға түскен бақытсыз құлдар тобын алып 1242 жылдың аяғында Еділ бойы даласында қоныстанды. Олардың жоғарғы басшысы ретінде бір ауыздан Батудың кандитатурасы мақұлданып, Шыңғыс ханның «Сайын хан» атанған даңқты немересі тақта 14 жыл (1242-1256) отырды.

Қол да бар деректерде оның оның бет бейнесі туралы мәліметтер жоқ. В. Рубрук жазуынша «Батудың беті сол кезде қызыл дақтардан көрінбейді» деген. Дегенмен, деректер Алтын Орданың бірінші ханының саяси қайраткерлігіне қатысты толық мәліметтер береді. Орта ғасырлық авторлар бойынша оның жеке қасиеттерін бағалауда бір тоқтамға келеді. Бірінші кезекте олар ханның әскери қолбасшылық қызметіне көңіл аударады, оны ұрыс алаңында өте қатыгез, ұзақ уақыт соғыстарға қатысып жүргендіктен өте тәжірбиелі әрі алғыр деп көрстеді. Бұл жағы ханды біріншіден қатыгез адам ретінде көрсетсе, ал ол жан-жағындағы жақын адамдарына тыныштық, тұрақты өмірді қалайтын адам ретінде белгілі болған. Карпинидің айтуынша «Бату өз адамдарына өте жұмсақ келеді, бірақ сонда да оларға қорқыныш сезімін ұялатады».

Бату ханның маңызды саяси бағыттарының бірі халықаралық транзитті сауда дамуына жақсы жағдай жасайды. Деректердің көрсетуінше «барлық елдердің саудагерлері оған тауар әкелген, ол бәрін алған және олардың тұратын бағасынан көбірек беріп отырған». Алтын Орданың осындай ашық саудасына батыс еуропалық, бірінші кезекте генуэздік және винецияндық саудагерлердің көңілі түсті.

Бату хан Алтын Орда мемлекетінің негізін қалады. Сонымен бірге дәстүрлі көшпелілердің әдеттеріне сәйкес Шыңғыс ханның жасақ заңдарын орнатты. Қарақорымда қабылданаған жүйе бойынша бағынышты тұрғындарға салық жүйесін орнатты. Батудың билік құрған кезеңі Алтын Орда тарихында тыныштық пен тұрақтылық орнаған уақыт ретінде белгілі. Әрине бұл ішкі саяси және экономикалық құрылымдарды жасаудағы негізгі жетістік болды.

1256 жылы Батудың өлімі Алтын Орда бірінші тақ таласын туғызды. 1257 жылы мемлекеттің басшысы болып Батудың кенже інісі Берке билікке келді. Беркенің жеңіске жетуінің негізі оның кандидатурасының мұсылман көпестерінің қолдауы арқылы жүзеге асты. Сонымен бірге ол Хорезмдегі мұсылман дінбасыларының да қолдауына ие болы, олар Алтын Орда тағында мұсылман дінін жақтаушы тұлғаны көргісі келді. Берке хан тағына отырғанда 50 жастарда болған. Алтын Ордада болған Мысыр елшілері тақта отырған жасы үлкен кісіні көрген және оның аяғына былғарыдан жасалған аяқ киім киген және аяғын арнайы жастықтың үстінде қойып отырған, ол аяқ аурумен ауырған. Оның үлкен домалақ сары түсті бетінде сары сақалдары болған, шаштары бас киімінен көрінбеді бірақ құлағының біреуінде жылтыраған тастары бар алтын сырға болған. Хан үстіне жібектен халат, әрі бұлғарлардың жасыл былғарысымен тысталған, қымбат тастармен көмкерілген белдік киген. Беркенің 3 әйелі де оған ұл тауып бере алмаған, сондықтан өзінің мұрагері әрі ұрпағы ретінде немере інісі Менгу-Темірді ұсынады.

Батудың уақытысынан ерекшелігі қорқынышты соғыстар және көпжылдық жорықтардан кейін тұрғындар тұрақтылықта, тыныштықта өмір сүрсе, Берке заманында мемлекеттің ішкі өмірі және сыртқы жағдайында да тұрақсыздық орын алады. Жаңа хан жас өспірім кезінде-ақ исламды қабылдаған еді, сондықтан таққа отырғанан кейін оны мемлекеттік дін деп жариялады. Бұл көшпелі аристократияның қарсылықтарына әкелді. Бұған қарамастан хан елді исламдандыруды жүргізуді бастады. Ол Иран, Мысырдан дін қызметкерлерін, белгілі ғалымдарды шақырды. Бұл уақытта Хорезмнен жаңа жұмысшылар қолын, құрылысшылар және суретшілерді әкеледі. Олардың еңбектерінің нәтижесінде Алтын Орданың сәулеті құрылымы жаңа бағыттағы жаңа түрге өзгерді.

Моңғол империясы Берке билік құрған жылдары жеке мемлекет ретінде дами бастады. 1269 жылы Ұлы хан Мөнке қайтыс болғананнан кейін таққа оның екі ұлы Арықбұға және Құбылай таласты. Жеңіске Құбылай жетеді, одан кейін астананы Қарақорымнан Пекинге ауыстырады. Ол бүкіл әулетті қытай тіліне сай Юань деп атайды. Нәтижесінде Арықбұғаны жақтаушы Берке, Құбылайға бағынбаудың себебін тапты. Оның резиденциясы Шыңғыс хан орнатқан астана емес және моңғол территориясында емес еді. Сонымен бірге Арықбұғаға Құбылайдың билікті алуын солтүстік Қытайдың әскерінің қолбасшысы болғандықтан күшпен алды деп сендірді. Нәтижесінде моңғол империясының жеке мемлекеттерге бөлініп кетуіне әкелді. Құбылайды бүкіл шыңғыс ұрпақтарының басшысы деп санады, бірақ оның билігі Моңғолия және Қытайдан басқа жерлерге жүрмеді.

Беркенің Жошы ұлысын тәуелсіз мемлекетке айналдырғанын оның өз атынан теңге шығарғанынан көруге болады. Алтын Орда біртұтас моңғол империясына бағынышты болған Батый хан тұсында Алтын Ордадағы теңгелер ұлы хан Мөңкенің атымен құйылатын. Беркенің өзі де алғашқы кезеңде Арықбұғаның атынан теңге соқтыра бастайды. Бірақ Құбылай ұлы хан болғаннан кейін Берке оның атынан теңге соғудан бас тарты, бұл іс жүзінде Құбылайды жоғарғы хан ретінде ретінде мойындаудан бас тарту болды. Бірақ, бұл кезеңде Жошы ұлысының тәуелсіздігін моңғол ханзадалары әлі де болса толық мойындамағандықтан Берке соңғы халиф Насир-ад-дин атынан теңге соға бастады, дегенмен, бұл тек халифтердің рухани билігін мойындайтындығын ғана көрсетті.

Берке билік құрған жылдары Алтын Орданың бұдан кейінгі тарихына әсер еткен тағы бір оқиға орын алды. 1263 жылы жошы ұрпақтарының Ирандағы өз туыстары Хулагиттерге қарсы соғыстары басталды. Шыңғыс ханан тараған екі әулет өкілдері де көшпелілер үшін өте тартымды және бай аймақ болып саналатын Әзербайжан провинциясын бөлісе алмайды. Бұл жерде талас-тартыс әсіресе ерекше көрнекті далалы аудандар Муган және Аррен аймағы үшін болды.



Бұл талас-тарсы пен кикілжіңнің негізі мәні мында еді. Алтын Орда әскери жасақтары Хулагиттер әскерінің құрамында Иран, Тигр және Ефрат көсөзен аймағын, соңғы халиф өлтірілген Бағдатты жаулау соғыстарына қатысқан еді. Бұл көмектері үшін жошы ұрпақтарына Яссы заңы бойынша Хулагиттер жаулап алған территорияның белгілі бөлігін одан түсетін салығымен қоса берулері керек болатын. Бұндай аймақтарды беру іс жүзінде жүзеге асырылды. Олардан түскен салық кіріс ретінде сарандық хандардың қазынасына түсіп жатты. Бірақ Берке жошылықтардың аталған көмегі үшін Әзербайжанды да қоса сұрады. Оның себебін Әзірбайжан Бату хан тұсында жауланғанымен байланыстырды. Бұл талап-тілегі қанағаттандырылмағандықтан Берке мұсылман екенін есіне түсіріп Хулагуды ислам басшысы Бағдат халифын өлтірдің деп кінәлады.



Бұл күресте Алтын Орда билеушісін Хулагиттердің өз илеліктеріне қарсы экспанциясынан қауіптенген Мысыр мамлюктері қолдады. Күрес барысында екі жақ та белгілі бір жетістіктерге жете алмады. Бірақ Алтын Орда Иранның астанасы Тибризді басып ала алды. Беркенің өзі 1266 жылы Хулагуиттерге арналған бір жорығы кезінде Тибилиси маңында қайтыс болды. Оның орнына келген Меңгу-Темір алдынғы үш хан секілді исламның таралуына ешқандай көңіл бөлмеді. Нәтижесінде исламды Алтын Ордаға енгізу тек жаңа діннің отырықшы аудандарға таралуымен және қалаларда мұсылман дін басыларының қалыптасуымен ғана шектеліп қалды. Бату және Берке хандар билік құрған кезде Алтын Орда мемлекет ретінде ғана қалыптасып қойған жоқ, сонымен бірге қоғамдық басқару жүйелері орнығып, европа және азия елдерінен экономикалық байланыстар орнатты, және ішкі саясаттың сратегиялық бағытарының мүддесін жасады.

Алтын Орданың бұдан кейінгі дамуында оның негізін салушы хандар қалап кеткен ішкі және сыртқы саясатының барлық аспектілері одан әрі дами бастады.

Алтын Орданың дербестену үдерісі

1260-жылдардан бастап Алтын Орда сыртқы және ішкі саясатта толық тәуелсіз бағыт ұстанды.
Берке хан ислам дінін мемлекеттік идеология ретінде енгізіп, Хулагу әулетімен соғыс жүргізу арқылы Алтын Орданың саяси беделін күшейтті.
Одан кейінгі Менгу-Темір мен Тоқта хандар тұсында мемлекеттің әкімшілік жүйесі тұрақтанып, орталық билік нығая түсті.

Алтын Орданың бұл кезеңдегі саяси дербестігі кейінгі ғасырларда Қазақ хандығы мен Ноғай Ордасы сияқты жаңа мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуына негіз қалады.

Империя ыдырауының өркениеттік салдары

Моңғол империясының ыдырауы Еуразия кеңістігінде жаңа этносаяси құрылымдардың пайда болуына әкелді. Әр ұлыс өз даму бағытын таңдады: Қытайда – мемлекеттік бюрократия, Орта Азияда – ислам мәдениетінің жаңғыруы, Алтын Ордада – түркілік мемлекеттілік пен ислам өркениетінің тоғысуы жүзеге асты.
Талас құрылтайының шешімдері тарихи тұрғыдан көпполярлы еуразиялық әлемнің қалыптасуына алғышарт болды.


1279

Талас құрылтайы және оның тарихи маңызы

Талас құрылтайы 1269 жылы өтті. Бұл жиынға үш ірі ұлыс билеушілері – Алтын Ордадан Менгу-Темір хан, Шағатай ұлысынан Барқұқ хан және Орта Азия аймақтарынан келген өкілдер қатысты.Құрылтайдың негізгі мақсаты – ұлыстар арасындағы билік қатынастарын, шекаралық және экономикалық мәселелерді реттеу болатын.

Құрылтай шешімдері бойынша:

- әрбір ұлыс өз ішінде тәуелсіз саясат жүргізу құқығын алды;
- салық жинау, әскер ұстау, дін саясаты секілді мәселелер әр мемлекет деңгейінде шешілетін болды;
- Моңғол империясының орталық билігі тек атаулы сипатта ғана қалды.

Осылайша, Талас құрылтайы іс жүзінде Моңғол империясының соңғы саяси бірігу актісі болды. Бұл шешім Алтын Орда үшін тарихи тұрғыда дербес мемлекеттің толық қалыптасуына жол ашты.

"KÖL TİGİN" ASSOCIATION

MONGOL EMPIRE
(XII-XIV CENTURY)

Жошы ұлысы

Үгедай ұлысы

Шағатай ұлысы

Елхандар ұлысы

Юань патшалығы



Бекіту сұрақтары

1. Моңғол империясының ыдырауына әсер еткен негізгі факторларды атаңыз.
2. Талас құрылтайының өту уақыты мен оның негізгі шешімдері қандай болды?
3. Алтын Орда дербестенуінің алғашқы кезеңінде қандай билеушілер маңызды рөл атқарды?
4. Империяның ыдырауы Еуразия халықтарына қандай ықпал етті?
5. Алтын Орда тарихындағы Талас құрылтайының орнын қалай бағалауға болады?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алтын орда және Қазақ хандығы / Б.Б. Кәрібаев, М.С. Ноғайбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 180 б
2. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. *Золотая Орда и ее падение.* – М.–Л., 1937.
3. Сафаргалиев М.Г. *Распад Золотой Орды.* – М., 1960.
4. Егоров В.Л. *Историческая география Золотой Орды.* – М., 1985.
5. Қазақстан тарихы. – Т.2. – Алматы, 2010.
6. Трепавлов В.В. *Степные империи Евразии.* – М., 2018.
7. Favereau M. *The Horde: How the Mongols Changed the World.* – Harvard, 2021.